

вопросов на которые нужно ответить пользователю равно количеству вопросов в базе тестов) порядка вопросов.

Серверная программа служит для хранения баз тестов, хранения результатов тестирований и распределения зашифрованных баз на клиентские машины. У сервера имеется возможность сканирования сети для добавления клиентских машин в группы для последующего распределения баз тестов и сбора результатов тестирований.

С клиентским приложением работает непосредственно тестируемый. В нем присутствует все то, что нужно школьнику для сдачи теста, это: возможность в любой момент открыть любой тестовый вопрос, возможность в любой момент завершить тестирование и конечно же возможность выбора вариантов ответа. Так же клиентское приложение автоматически завершает тест по истечении времени, которое отводится на выполнение теста.

По нашему мнению, нам удалось создать комплекс программ, существенно облегчив как составление базы тестовых заданий, так и облегчив распределение баз на клиентские машины. Интерфейс (пока еще не до конца доработан) интуитивно понятный, в нем присутствует только все нужное, лишнего нет, и от этого не страдает функционал системы.

Литература

1. <http://tsutmb.ru/nu/nauka/index.php/razdel/meropr/-2011.html?sobi2Task=sobi2Details&catid=26&sobi2Id=380>

Білім берудегі иновациялық –коммуникациялық технологиялар

Автор: Информатика мамандығының 3 курс студенті Қорғанбекова Назгүл Байдүйсенбайқызы

Ғылыми жетекшісі: Ерсұлтанова З. С.т.ғ.кандидаты, информатика және КТ кафедрасының оқытушысы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

«Халық пен халықты теңестіретін – білім» – деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің мақсатымыз. Сондықтан да жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Білім беру жүйесінде жаңашылдық, ол, қалыптылық деседе болады. Олай дерім, қазіргі қарыштап дамып жатқан қоғам, ғалам әр күн сайын жаңа идея, жаңа жаңалықпен толығып отырады. Әр күн сайын жаңа ашылымдар ғылымның қай саласында болмасын шымылдырығын түрсе, білім саласы да толыққанның үстіне толығуда. Еліміз егемендігін еншілеп, көк туын көкке көтергелі бері бірталай биіктерді бағындырды. Яғни, өзінің білімді ұрпағымен, мақсатты стратегиясымен әлем алдында өз елдігін дәлелдеп, әлем картасынан ойып тұрып орын алды. Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Соның ішінде, педагогика ғылымында. Баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен

білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс –әрекетінің ғылыми – педагогикалық негіздерін меңгеруі –маңызды мәселелердің бірі.

Сондықтан да оқушылардың ой –өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана –сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс –әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді . Демек, озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін –өзі дамытып, оқу –тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Білім беру жүйесінде инновацияны енгізу, қабылдау мен жетілдірудегі тоқтаусыз үрдіс ретінде, күнделікті білім беру қызметінің бөлігі ретінде қарауды талап етеді[1].

Білім берудегі инновациялық –коммуникациялық технологияларды пайданалу оқушылардың білім сапасын арттыруға және болашақ мамандардың кәсіптік біліктілігін күшейтуге негізделген. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Қазіргі кездегі компьютерлік технологиялардың даму деңгейі дәуірдің коммуникациялық мүмкіндіктері мен артықшылықтарын көрсететін, толыққанды, сапалы және бәсекеге түсуге қабілетті білімді қамтамасыз ететін нақты алғы шарттары болып табылады, оның көпшілік бұқараға барынша кеңінен таралуы «өмір бойы білім алу» ұстанымынан «білім барлығымыз үшін ғұмыр бойы үзілмейтін» ұстанымына нақты ауысады. Осы мүмкіншіліктерді іске асыру үшін білім саласында да, сондай –ақ қазіргі кездегі ақпараттық –коммуникациялық технологияны дамыту саласында да көп көңіл бөліну керек. Бұл мақсаттың жүзеге асуы орта білім беру жүйесін ақпараттандырудан басталады. Алған бағытты жүзеге асыруда жаңа буын оқулықтарын электронды вариантқа аудару қажеттілігі уақыт сұранысынан туып отыр. Қазір әрбір оқу орындарында, оқытушыдан студенттерге білім беріп қана қоймай, олардың бойында бағдарламалық дағдылар мен икемдерді қамтамасыз ету, шығармашалақпен жұмыс істеуге үйрету талап етілуде. Жұмыс кезінде оқытушы мен студент тұрақты педагогикалық қатынаста болады, ал оқытушымен араласу, яғни пікір алысу кезеңдерін оқушының өзі анықтайды. Осыған бағытталған ақпараттық –коммуникациялық білім беру студенттің өзіне қолайлы және тиімді білім алуға деген құштарлығын қанағаттандыру мүмкіндігін береді. Оқу материалдарын фактологиялық және қолданбалы бөліктерге бөлу, оқытудың модульдік, жекелеп үйрету және деңгейіне қарай оқыту қағидаларын қатар пайдалану, өзін –өзі және бірін – бірі оқыту элементтері, пәнді игеруді қамтамасыз етудің (электрондық оқулықтар фрагменттері, арнайы тесттер, компьютерлік есеп жинақтары, анықтамалықтар, демонстрациялық файлдар, т.б.) ажырамас бөлігі ретінде

ақпараттық –коммуникациялық технологияны пайдалану – оқу және жетілдіру мақсаттарына тиімді түрде қол жеткізуге болатын білім жүйесін құруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдің артықшылығына мыналарды жатқызуға болады: а) Оқытудың жоғары нәтижелілігі; б) Әр түрлі білім мекемелері үшін осы жүйенің икемділігі мен бейімделгіштігі; в) Жүйенің жеңіл өзгертілуі мен толықтырылуы (файлдағы тапсырмалар жеңіл өзгертіледі, Web –оқулықтар оңай өзгертіледі); г) Қолданудың әмбебаптығы (өздігімен жұмыс істеуді, әрі оқу процесін де қамтитын тиімділігі)[2].

Компьютер балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуға көмектеседі, әсіресе егер оған үйренуді емес, оны құрал ретінде пайдалануды игерсе, яғни АКТ –ның техникалық жағын ғана қарастырмай, оның танымдық жағына көңіл бөлу керек. Бұдан түйетініміз оқытушы мен оқушының арасында неғұрлым тығыз байланыс орнап, ұстаз шәкіртін жаңашылдықпен қызықтыра алса, білім сапасы да анағұрлым көтерілері сөзсіз. Жоғарыда келтірген мысалдардың барлығын қорыта келсек, қазіргі жаһандану кезеңінде заман көшінен қалып қоймауымыз керектігіне әбден көзіміз жеткендей.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://old.ineu.edu.kz/kz/activity/obrazovanieiinnovacii/sekziya-2/1418-2012-04-03-01-09-52>
2. <http://do.gendocs.ru/docs/index-340991.html?page=29>

Білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар құралдары

Автор: Жанузакова Н.Ж.

Ғылыми жетекшісі: Ерсұлтанова З. С. т.ғ.кандидаты, информатика және КТ кафедрасының оқытушысы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қазіргі заман талабы бойынша білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үрдісіне электрондық оқулықтарды енгізу. Өйткені бүгінгі таңдағы білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын орындау немесе оқулықтарды пайдалану заман талаптарын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде.

Жаңа технологияны меңгеруде тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже беріп жүр.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр тәрбиеші алдында отырған бүлдіршіндердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтық мақсат – мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап